2024 жыл үшін «БЖЗҚ» АҚ бөлімшелерінің
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін
ішкі сараптау нәтижесі бойынша
№4 сараптамалық анықтамаға
2-қосымша

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау қорытындысы бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне бейім лауазымдар тізбесі**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі сараптау нысанының атауы: «БЖЗҚ» АҚ

| **№ р/р** | **Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне бейім лауазым** | **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер** | **Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері** |
|---|---|---|---|
| 1 | Қордың Басқарма Төрағасы; Басқарма Төрағасының орынбасары, Қордың Басқарма мүшесі; Басқарушы директор, Қордың Басқарма мүшесі; | Мүлікті иелену, пайдалану және оған билік ету бойынша шешімдер қабылдау | Үлестес тұлғаларды қоса алғанда, өзге тұлғаларға сеніп тапсырылған мүлікке құқықтарды заңсыз беру мүмкіндігі (мүлікті иеліктен шығаруды қоса алғанда, жалдау және меншік құқықтары) |
| 2 | Қордың Басқарма Төрағасы; Басқарма Төрағасының орынбасары, Қордың Басқарма мүшесі; Басқарушы директор, Қордың Басқарма мүшесі; бас бухгалтер - БЕД директоры және бас бухгалтер - БЕД директорының міндетін атқарушы; БЕД директорының орынбасары; ҚБД директоры және ҚБД директорының міндетін атқарушы; ҚБД директорының орынбасары; филиалдардың басшылары (филиалдардың директорлары) және филиалдар | Құзыреті шегінде тексеру, қызметтік тергеп-тексеру жүргізу | Бұзушылықтарды жасыру мүмкіндігі |
| 3 | | Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу | Еркін жоспарлау, бәсекелестікті шектеу (техникалық ерекшеліктер мен біліктілік талаптарын, формалды негіздер бойынша өтінімдерді қабылдамауды, балдарды дұрыс есептемеуді, сатып алуды болдырмауды «ыңғайластыру»), шартты орындау кезінде сәйкестікке бақылау жүргізбеу, жалған актілер бойынша сәйкес келмейтін ТЖҚ қабылдау және оларға ақы төлеу мүмкіндігі |
| 4 | | Құзырет аясында қорытындылар беру (сараптамаларды қоса алғанда) | Деректерді бағалауды бұрмалайтын, дұрыс емес мәліметтер беру мүмкіндігі |
| 5 | | Құзырет аясында сараптау, мониторинг жүргізу (ұсынымдар мен ұсыныстар жасау, оның ішінде басшылыққа шешімдер қабылдау үшін) | Сараптау немесе мониторинг жүргізу нысандарына қатысты шешімдер қабылдауға әсер ететін, дәйексіз қорытынды жасау мүмкіндігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6 | басшыларының міндеттерін атқарушылар; филиалдар директорларының орынбасарлары | Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу | Еркін жоспарлау, бәсекелестікті шектеу (техникалық ерекшеліктер мен біліктілік талаптарын, конкурстық емес сатып алу тәсілін, формалды негіздер бойынша өтінімдерді қабылдамауды, балды дұрыс есептемеуді, сатып алудың күшін жоюды, тапсырыс беруші мен жеткізушінің сөз байласуы кезінде бағалар демпингін «ыңғайластыру»), шартты орындау кезінде сәйкестікті бақыламау, жалған актілер бойынша сәйкес келмейтін ТЖҚ қабылдау және оларға ақы төлеу мүмкіндігі |
| 7 | | Еңбек жағдайларын жасау, қызмет бабында жоғарылату | «Жайлы» немесе «жайсыз» жағдай жасау, қызмет бойынша тиесілі игіліктерді (материалдық ынталандыру, демалыстар, басқалар) таңдап беру, тәртіптік жазаларды негізсіз қолдану/қолданбау, меритократия қағидатын сақтамау мүмкіндігі |
| 8 | | Ұйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық шешімдерді (қабылдауды, жұмыстан шығаруды, өндіріп алуды және ынталандыруды қоса алғанда, кадрлар бойынша шешімдер, қаржы бойынша шешімдер, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды қоса алғанда, мүлікті иеліктен шығару, сатып алу және кез келген тұлғаларға уақытша беру, өзге де шешімдер) | Басқарушылық шешімдерге әсер ететін ақпаратты жасыру немесе қолдан жасау мүмкіндігі |